

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
№2 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫН



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №2 ИМЕНИ
ГАФУ КАЙЫРБЕКОВА» АКИМАТА
ГОРОД АСТАНА

Астана қаласы, Сейфуллина, 19,
тел.: 8717250-16-31
e-mail: astana_sh2@mail.ru

город Астана, ул. Сейфуллина, 19,
тел.: 8717250-16-31
e-mail: astana_sh2@mail.ru

БҰЙРЫҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 29.08
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 137
город Астана

**Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанды;

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы;

1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс- күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс- күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттау мынандай мерзімдерде бекітілсін:

9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12) – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізу мынандай мерзімде бекітілсін:

9 (10)- сынып оқушылары үшін:

- 1) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) Қазақ тілі/ орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)-2025 жылғы 2 маусым;
- 3) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) Орыс тілінде оқытатын сыныптарды қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12) - сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалы бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;
- 3) қазақ тілі/ орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарды қазақ тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.С.Сейдахметоваға жүктелсін.

Директор

С.Б.Нугуманов